

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№3 (31) шілде-қыркүйек 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяган Бүркітбай Фелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Раушан Жәліқызы

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссиссипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустан Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Раушан Жәліқызы

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Raushan Zhalikyzy

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

https://doi.org/10.51943/2710-3994_2022_31_3_126-137

FTAMP 03.20.00

ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1822 – 1840)

А.Д. Күнікеев^{ID}* Н.Ы. Жетпісбай^{ID}

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты. Қазақстан, Алматы.

*Автор корреспондент

E-mail: aman.kunikeyev@mail.ru (Күнікеев), nurzhan976@mail.ru (Жетпісбай).

Аңдатпа. Мақалада 1822–1840 жылдардағы (үзілістерімен) Жоламан Тіленшіұлы бастаған азаттық жолындағы ұлт-азаттық көтерілістің, тарихи маңызын негізгі себептері, кезеңдері және ерекшеліктері туралы көрсетілді. Кеңес дәуіріндегі, Тәуелсіздік жылдарындағы мерзімді басылымдарда жарияланған мәліметтерге және Ресей Федерациясының мұрағаттары, Қазақстан Орталық Архивінің құжаттарына сүйене отырып, авторлар Жоламан Тіленшіұлының азаттық көтерілісінің негізгі себебі Ресей империясының қазақ жерлерін отарлау саясатында деген қортындыға келді. Көтеріліске көшпелі қазақ қоғамының әртүрлі әлеуметтік топтары, яғни қазақ элитасы – билер мен батырлар қатысқаны белгілі. Жоламан Тіленшіұлы бастаған азаттық жолындағы күрестің жеңіліске ұшырағанына қарамастан, қазақтар көрсеткен табанды қарсылық Ресей империясының қазақ елінің ішіне қарай экспансиясын баяулатты.

Түйін сөздер: Жоламан Тіленшіұлы, Кіші жүз, Батыс Қазақстан, көтеріліс, отарлау, әскери шеп, казактар.

МРНТИ 03.20.00

ВОССТАНИЕ ПОД РУКОВОДСТВОМ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИЕВА (1822 – 1840)

А.Д. Куникеев*, Н.Ы. Жетписбай

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты. Қазақстан, Алматы.

*Корреспондирующий автор

E-mail: aman.kunikeyev@mail.ru (Куникеев), nurzhan976@mail.ru (Жетписбай).

Аннотация. В статье освещены основные причины, этапы и особенности национально-освободительного восстания 1822-1840 годов (с перерывами) во главе с жоламаном Тленшиулы. Опираясь на сведения, опубликованные в периодических изданиях советской эпохи, за годы независимости и архивы Российской Федерации, документы Центрального архива Казахстана, авторы пришли к выводу, что основной причиной освободительного восстания Жоламана Тленшиулы стала колониальная политика казахской земли в Российской империи. Известно, что в восстании участвовали различные социальные слои кочевого казахского общества, то есть казахская элита – Бии и батыры. Несмотря на разгром освободительной борьбы во главе с Жоламаном Тленшиулы, оказанное казахами упорное сопротивление замедлило экспансию Российской империи в Казахстан.

Ключевые слова: Жоламан Тленшиулы, Киши Джуз, Западный Казахстан, восстание, колонизация, военная линия, казаки.

IRSTI 03.20.00

THE UPRISING LED BY ZHOLAMAN TLENSHIEV (1822 – 1840)**A.D. Kunikeev*, N.N. Zhetpisbay**

Institute of History and Ethnology named after Ch. Valikhanov. Kazakhstan, Almaty.

*Corresponding author

E-mail: aman.kunikeev@mail.ru (Kunikeev), nurzhan976@mail.ru (Zhetpisbay).

Abstract. The article highlights the main causes, stages and features of the national liberation uprising of 1822-1840 (with interruptions) led by Zholaman Tlenshiuly. Based on the information published in periodicals of the Soviet era, during the years of independence and the archives of the Russian Federation, documents of the Central Archive of Kazakhstan, the authors came to the conclusion that the main reason for the liberation uprising of Zholaman Tlenshiuly was the colonial policy of the Kazakh land in the Russian Empire. It is known that various social strata of the nomadic Kazakh society participated in the uprising, that is, the Kazakh elite – Biys and batyrs. Despite the defeat of the liberation struggle led by Zholaman Tlenshiuly, the stubborn resistance provided by the Kazakhs slowed down the expansion of the Russian Empire into Kazakhstan.

Key words: Zholaman Tlenshiuly, Kishi Yuz, Western Kazakhstan, uprising, colonization, military line, Cossacks.

Кіріспе. Қазақ даласында отарлауға қарсы ұйымдастырылған ірі қарсылықтың бірі 1822 ж. басталған Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс. Көтерілістің таралу аймағы біршама кең, 1822-1840 жж. үзілістерімен ұзақ жылдарға созылғанына қарамастан бұл күрес әлі де ауқымды зерттелуді талап етеді. Қазақстанда болған біраз көтерілістер кеңес заманында зерттеліп, тәуелсіздік жылдарында да қолға алынса, Жоламанның азаттық күресі күні бүгінге дейін толықтай зерттелмеді. Жоламан көтерілісі туралы ХІХ ғ. екінші жартысында кейбір зерттеушілердің еңбектерінде аздап қана берілді. Кеңес дәуірінің алғашқы онжылдықтарында (1920-1940 жж.) А.Ф. Рязанов, М.П. Вяткин, Е.Б. Бекмаханов сияқты тарихшылар өз еңбектерінде аталған көтеріліске аздап тоқталып, аздаған құжаттары да жарық көрді. Тікелей Жоламан көтерілісіне арнайы арналмағандықтан ол мәліметтер мұндай ірі азаттық күреске аз болып саналады. Тәуелсіздік жылдарында да Жоламан көтерілісі дербес зерттеу тақырыбы ретінде қарастырылмады. Тоталитарлық дәуірде Жоламан көтерілісінің зерттелмеуіне оның жетекшісінің дәулетті-билеуші таптан шығып, Кеңесары күресіне қосылуы негіз болды. Тәуелсіздік жылдарында шығарылған академиялық 5 томдық «Қазақстан тарихына» да белгісіз бір себептермен енгізілмей қалды. Бұл тақырыптың кейінгі жылдары мектеп бағдарламасына енгізіле бастауы, Жоламан көтерілісінің толық зерттелгенін білдірмейтін. Жоламан көтерілісі қазіргі тәуелсіз Қазақстан тарихында басым түрде әлі де «ақтандақ» күйінде, осыған байланысты тарихта өз орны бар, отарлыққа қарсы аса ірі науқандардың бірі болып табылған бұл көтерілісті Қазақ елінің тарихына толықтай енгізілуі міндетті. Қазіргі жағдайда, тәуелсіздік үшін барын салған Жоламан сияқты тұлғаларды «жоғалтып алу», архивтерде құжаттары тұнып тұрса да ұзаққа созылған күресті «байқамау» еліміз үшін үлкен сын. Жалпы ұлт-азаттық күрестерді зерттеу – Ресей империясының Қазақ даласына жүргізген көпқырлы саясатының ішкі-сыртқы тетіктерін мұқият қарастыру бола алады. Жоламан бастаған көтерілісті мұқият зерделеу арқылы да Қазақ тарихындағы бұрын аз зерттелген бірқатар маңызды мәселелерді айқындауға болады.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми жұмыс 1822-1840 жж. аралығында болып өткен Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтерілістің негізін кеңістік кезеңдегі, Тәуелсіздік жылдарындағы еңбектер және Ресей мен Қазақстан мұрағаттарындағы құжаттары құрайды.

Кеңістік кезеңдегі еңбектерг тобына: Мәскеуде 1940 жылы шыққан құнды мағлұматтар жинақталған «Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828)» 4-ші Томы кеңінен қолданылды. Бұл Еңбекте Жоламанға қатысты: Донесение начальника Оренбургского

таможенного округа министру финансов гр. Е.Ф. Канкрину о размерах ущерба, причиненного казахам рода табын карательной экспедицией султана-правителя Каратая; Письмо оренбургского военного губернатора П.К. Эссена управляющему МИД гр. К.В. Нессельроде с сообщением о движении главного старшины Жоламана Тленши и о необходимости послать в степь карательный отряд от 19 декабря 1823 г. Секретно; Предписание Комиссии, учрежденной под председательством хана Шергазы батыру Жоламану Тленшиулы, биям и другим влиятельным лицам с требованием прекратить борьбу за возвращение прежних кочевий. 14 ноября 1823 г.; Рапорт войскового атамана П.М. Назарова оренбургскому военному губернатору П.К. Эссену о действиях карательного отряда против приверженцев главного старшины Жоламана Тленши от 18 марта 1824 г. – деген әлі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпаған құжаттар жинағындағы мағлұматтар қолданылды.

Тәуелсіздік жылдарындағы еңбектерге: Р.С. Баймагамбетованың ҚарМУ-нің Хабаршысында 2007 жариаланған «Восстание казахов Младшего жуза под руководством бия Табынского рода батыра Жоламана Тленшина» атты мақаласы; К.К. Кенжебеков, Б.Ж. Кабдушев, С.Х. Байдильдиналардың *Международный научно-исследовательский журнал*ның № 2 (92)-ші санындағы «Формирование войск Оренбургского корпуса в XVIII–XIX вв.» мақаласы; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының ғылыми қызметкерлері М.Р. Сатенова, Р.Е. Оразов, Н.Ы. Жетписбай және ҚР ОММ-ның директорының орынбасары М.Г. Жылысбаевалардың 2019 жылы құрастыраған «Национально-освободительное движение казахов в конце XVIII – начале XX веков» атты құжаттар жинағы; Көп жылдар бойы Жоламан Тленшіұлына қатысты жерттеулер жүргізіп, өзінің негізгі докторлық диссертациялық тақырыбы ретіндегі бекіткен, 2021 жылы Н.Ы. Жетписбайдың «Жоламан Тленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1822–1840 жж.)» атты қорғалған диссертациялық жұмысы қолданылды.

Ресей және ҚР мұрағаттарынан: Ресей мемлекеттік әскери және тарих архиві (РМТА) 1291-қор. 81-т. 90-іс – 1823 жыл, 3 қыркүйек. – Жоламан бастаған билер мен батырлардың Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссенге Елек пен Жайық аралығындағы жерлерді қайтару және Арынғазы сұлтанды босату туралы өтініші; Ресей мемлекеттік әскери және тарих архиві (РМӨТА) 846-қор. 16-т. 1161-іс – 1839 жыл, 9 қаңтар. – Орынбор әскери губернаторы В.А. Перовскийдің Ресей әскери министріне Кенесары мен Жоламанға қарсы іс-шаралар қолдану жөніндегі мәлімдемесі; Қазақстан Республикасының Орталық мелекеттік архиві (ҚР ОМА) И-4-қор. 1-тізімдеме. 1856-іс. – 1822 жыл, 24 сәуір. – Жоламанның Орал казак әскерінің атаманы полковник Д. Бородинге Нарын күмдары мен Елек бойын қайтаруды талап еткен хаты; ҚР ОМА. И-4-қор. 1-тізімдеме. 1805-іс – 1822 жыл, 4 тамыз. – Жаңа Елек шебінің командирі есаул Аржанухиннің Орынбор Шекара комиссиясына Жоламан бастаған көтерілісшілердің шабуылдары туралы рапорты; ҚР ОМА. И-4-қор. 1-тізімдеме. 1341-іс; ҚР ОМА. И-4-қор. 1-тізімдеме. 1805-ісі – атты құжаттары пайдаланылды.

Ғылыми мақалады қарастырылған әдіснама кеңістік кезеңдегі, Тәуелсіздік жылдарындағы еңбектер және Ресей мен Қазақстан мұрағаттарындағы деректерін салыстырмалы тарихи зерттеу негізінде Жоламан көтерілісінің себептері, барысы және нәтижелері қарастырылады.

Талдау: Жоламан Тленшіұлы бастаған көтеріліс қимылдары арнайы зерттеу тақырыбына айналмаған. Жоламанның өзінің есімі XIX ғ. 20-40 жж. орыс шенеуніктері мен әскери зерттеушілерінің жазбаларында ұшыраса бастайды. Бұл кезеңде Ресей империясы қазақ даласын отарлауды жедел қарқынмен жүргізе бастаған болатын.

Жоламан бастаған күрес жөнінде басым түрде ресейлік әскери зерттеушілердің еңбектерінде ұшырасады. Белгілі әскери қайраткерлердің бірі, Ресей Бас штабының офицері, полковник И.Ф. Бларамберг өзінің 1848 ж. жарық көрген еңбегінде көтерілісшілердің орыс бекіністеріне жасаған шабуылдарына қысқаша тоқталып өтеді (Бларамберг, 1848: с. 86, 95-96). Ол қазақ сарбаздарының Жаңа Елек шебіне шапқындарын суреттей отырып, Елек бойын иемдену орыстар үшін үлкен қантөгістермен, зор шығындармен келгеніне тоқталады. Жоламан күресіне байланысты қысқаша мағлұматтар аталған Бас штабтың келесі офицері, полковник Л. Мейердің еңбегінде келтіріледі. Оның Орынбор өлкесі қазақтары сипатталатын кітабында

1823-1824 жж. қазақ даласына аттандырылған жазалаушы экспедициялар жайында мәліметтер береді (Мейер, 1868: с. 41, 45).

Белгілі орыс әскери зерттеушісі М. Терентьев те Жоламан күресін жазалауға шығарылған әскери командалар туралы деректер береді, бірақ біршама толығырақ сипаттайды. Өзінің үш томнан тұратын белгілі еңбегінде автор Жоламанның көтеріліс қимылдарынан шыққаннан кейінгі қатысқан бір әрекетін сипаттауы да үлкен қызығушылық туғызады (Комарова, 1906: с. 98, 187). XIX ғасырдың 20-30 жж. Орынбор аумағында болған кейбір оқиғалар, Ново-Илецкая шебінің құрылуы А.И. Добросмыслов, И. Крафт, Л. Костенко, А. Рябинин, Н. Серета, А. Кривошеков т.б. еңбектерінде қысқаша аталып өтеді.

Кеңестік дәуірде де Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс зерттелу аясынан тыс қалды. Аталған оқиғалар мен Жоламан жайындағы жеке мәліметтер тек 1920-1940 жж., яғни советтік заманның бастапқы тұстарындағы зерттеушілер еңбектерінде берілді. Осы жылдары А.Ф. Рязанов (1926, 1928), М.П. Вяткин (1941) және Е.Б. Бекмаханов (1947) өз еңбектерінде көтеріліс туралы біршама мәліметтер ұсынды. Көтеріліс 1943 ж. жарық көрген алғашқы «Қазақ ССР тарихына» енгізілді. Алайда аталған авторлар кітаптарындағы және академиялық басылымдағы мәліметтер де 3-4 бет көлемінен аспаған еді. 1940 ж. белгілі ғалым, академик М.П. Вяткиннің редакциясымен жарық көрген «Материалы по истории Казахской ССР» атты құжаттар жинағына Жоламанның хаттары мен көтеріліске қатысты басқа да маңызды құжаттар енгізілді. Бұл жинақ аса құнды деректер топтастырылған, әлі күнге дейін маңызын жоймаған құнды еңбек болып табылады (4). Жоламан көтерілісіне 1949 ж. шыққан «Қазақ ССР тарихының» екінші басылымында орын берілді. Бірақ мұнда ол қысқартылып, Саржан Қасымұлы күресімен біріктіріліп тасталған болатын. Осыдан соң біз сипаттап отырған тақырыптың академиялық басылымдарға енгізілуі ұзақ жылдарға тоқтады.

Тәуелсіздік жылдары да аталған тақырып арнайы зерттеле қойған жоқ. Белгілі тарихшы-ғалым Е.Ж. Уәлиханов өзінің 2000-жылдары шыққан Кенесарыға арнаған эссе-кітаптарында Жоламан тұлғасына қысқаша тоқталды. Кейінгі жылдары Жоламан бастаған көтеріліс мектеп оқулықтарына енгізілді. Соңғы онжылдықтарда аталған көтеріліс жөнінде Ә. Мұқтар, Ө.И. Исенов, Г.С. Сұлтанғалиева, Р.С. Баймағамбетова тәрізді жекелеген зерттеушілердің ғылыми мақалалары жарық көрді, 2019 жылы Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарихшыларының зерделі ізденісі аясында жарыққа шыққан «XVIII ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы» атты еңбекте Жоламан Тіленшіұлына қатысты Ресей Федерациясының мұрағаттарынан және Отандық Қазақстан Республикасының мұрағаттарынан құжаттар келтірілген. (Национально-освободительное движение казахского народа..., 2019.). 2021 жылы Жетпісбай Н.Ы. «Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1822-1840 жж.)» атты докторлық диссертациясын сәтті қорғады.

Нәтижелер. Жоламан Тіленшіұлы – қазақ халқының 1820 – 1830 жылдардағы Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне белсенді түрде қатысқандардың бірі. XIX ғасырдың бас кезеңінен бастап Қазақ өлкесінде бірқатар көтеріліс (Есет Көтібаров, Сырым Датұлы, Махамбет Өтемісұлы, Жанқожа Нұрмұхамедов, Кенесары, Жоламан Тіленшіұлы және т.б.) болғанын айта кету керек. Соған байланысты, Ресей билігі қазақ даласындағы әскери бекіністерін нығайтып, артиллериялық командалардың санын көбейтті. Халық қозғалыстары орталықтарының жанындағы Уральское (Ырғыз), Оренбургское (Торғай), Ново-Петровское, Перовский №1 (Қазалы), №2 (Қармақшы), Карабутакский сияқты бекіністерге ерекше көңіл бөлінді (Кенжебеков, Кабдушев, Байдильдина... 91; Вяткин, 1941: 226).

XIX ғасырда орыс империясы өңірдегі өз ықпалын бірте-бірте күшейте бастады. Ілкі билеушілер негізін қалап кеткен жобаларды жүзеге асыруда патша үкіметінің мүдделері тікелей қазақ далаларына келіп тоғысты. Жергілікті халық сырт ықпалдың әсіре күшеюіне қарсы талай рет қарсылық білдірген болатын. XIX ғ. 20–30 жылдарында болып өткен Жоламан Тіленшіұлы бастаған көтеріліс патша билігінің отарлау саясатына қарсы бағытталған ең жойқын қарсыласудың бірі болды (Жетпісбай, 2021: 30).

Жоламан Тілеушіұлы бастаған көтеріліс екі кезеңді, яғни алғашқысы 1822–1826, ал екінші кезең 1835–1840 жылдарын қамтиды. Бірінші кезеңде қазақтың жасақтары Ресей шебіне дүркін-дүркін шабуылдарын бастады. Осы кезеңде Ресей билігі қазақ даласына Берг басшылығымен жазалау экспедициясын ұйымдастырды. «Жоламанның қайраткерлігінің келесі кезеңі әсіресе 1835 ж. бастап айқын көрінеді. Ол сол жылы Орск мен Троицк арасынан Новая линия (Жаңа шеп, Жаңа Орынбор шебі) деп аталатын әскери бекіністер шебінің салынуына үзілді-кесілді қарсы шығып, Ресейге қарсы тағы бір қарулы күресін бастайды» (Жетпісбай, 2021: 2, 131).

Біз жоғарыда айтқандай, XIX ғасырдан бас кезеңінен бастап Ресей империясы Қазақ даласындағы өз ықпалын нығайта бастады. 1811 жылдан бастап ресейлік билік әскери отарлау мақсатында қазақтардан Елек пен Жайық аралығындағы жерді тартып алып, Жаңа Елек шебін сала бастады. Сол кезде Жоламан патша әкімшілігіне жазған хаттарында аталған жерлерді қайтаруды талап етті. Мысалы, Орынбор губернаторына жіберілген хатында Жоламан былай деп жазды: «Қазіргі таңда... орыстар Елек өзенінің бойына жаңа бекеттерін салып, Електің ішкі жағын ғана емес, осы өзенді түгел тартып алып, бізден біздің жерлерімізді тартып алды» (Вяткин, 1941: 227).

1819 жылы Ресей үкіметінің өкімі бойынша Жаңа Елек жері Елек түз кәсіпшілігі басқармасына берілді, сосын осы аумақта бірқатар казак станицалары орнады (Баймағамбетова, 2007).

1822 жылғы 24 сәуір күні Жоламан Тіленшіұлы Орал казак әскерінің атаманы, полковник Д. Бородинге жазған хатында Нарын құмдары мен Өзеннің бойындағы жерлерді қайтаруды талап етті: «Сондықтан Әбілқайыр ханның кезінде біздің халқымыз сол жерлерді пайдаланғандай, бізге Нарынқұм мен Өзеннің үш тармағын бізге берсеңіздер. Ал енді соны істеуге болмаса, бізді дос деп санасаңыздар, Елек бойындағы Жаңа шепті алып тастасаңыздар» (ҚР ОМА. И-4-қор. 1-тізімдеме. 1856-іс. 140–141-парақ).

Осы мәселені Жоламан бірнеше рет көтерді. 1822 жылғы 29 қазанда Жоламан Тіленшіұлы, билер, старшындар және өзге игі жақсылар Ресей императорына үндеу жасап, онда былай деп көрсетті: «Сондықтан... сол кезде Әбілқайыр хан ұлы мәртебелі патша императордың бұйрығымен Күтлымұхамет Тевкелевпен сөйлескенде, Жайық өзенінің далалық жағы біздің қазақтарға берілген-ді. Сол себептен жаздыкүні сол өзеннің далалық жағында көшіп жүріп, қыстыкүні осы өзеннің ішкі жағындағы Нарынқұмға өтетінбіз. Біраздан бері Елек өзенінің бойында, сондай-ақ Түйетас пен Бердянканың бойында форпосттар салынғаннан кейін біздің жерімізді бізден арсыздықпен тартып алды және бізге көшіп жүруге рұқсат жоқ енді. Осыны көріп, зәбірге төзе алмай, ренжіп, жырақта жүрген қазақтар олардың өтініші ұлы мәртебелі патша императорға жетсе деп айтады; өйткені башқұрттар ата-бабаларынан қалған жерлерін бұрынғыдай пайдалана береді. Ал біздің өтініштерімізді шептегі басшылар императорға да өткізбейді, өздері де әділ шешпейді» (ҚР ОМА. И-4-қор. 1-тізімдеме. 1272-іс. 47 – 48-парақ).

Бірақ Жоламанның әрекеттері нәтижесіз аяқталды. Қазақ өлкесіндегі ресейлік әскери басшылық Жоламанның талаптарына қарсы шықты. Мәселен, Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссен Жоламан мен оның адамдарының өтініші жайында Шекара комиссиясына жолдаған 1822 жылғы 23 қарашадағы мәлімдемесінде былай айтты: «Жыл сайын қыстыкүні патшамыздың 1808 жылғы 17 шілдедегі жарлығы бойынша қазақтар өз малын Нарынқұмға айдап апаратын, бірақ Елек өзенінің бойында шеп салынды, сонымен бірге Елек пен Жайықтың арасындағы аумақ патшамыздың бұйрығы бойынша Елек түз кәсіпшілігі басқармасының қарамағына берілді, сол туралы бүкіл Ордаға айтылған болатын. Сонымен қатар, қазақтарда Елекпен және содан жоғары әрі төмен қарай орналасқан жерлерде еркін көшіп жүруге рұқсат бар; бұл халықтың жыртқыш халық екенін ескере отырып, абай болуымыз керек. Сондықтан оның сол өтініші мүлдем негізсіз екенін, Жоламанның бүлікші екенін ғана көрсетеді. Желөкпе қазақтар өздерінің қисынсыз пікірлерін әділ деп санамасын, соны Шекара комиссиясы ескерсе» (ҚР ОМА. И-4-қор. 1-тізімдеме. 1272-іс. 58 – 60-парақ).

1822 жылы би әрі батыр Жоламан Тіленшіұлы Ресей империясына қарсы соғыс жариялады (Баймағамбетова, 2007). Сол жылы жылы Жоламанға бағынатын қазақтар шекара шебіне бірнеше

рет шапқын жасап, көп кісі тұтқынға алып, малдарын айдап кетті (Вяткин, 1941: 227), ал 1823 жылғы маусым айында жақтастарымен бірге Жоламан полковник Милорадовичтің басшылығымен келген жазалау жасағын тоқтатып, оны шептің ар жағына шегінуге мәжбүр етті. Дәл сол жылдың қыркүйек айында Жоламан Орынбор әкімшілігінен жіберілген хорунжий Х. Биккининді «ол қарақшы емес, Елек өзені бойында шеп құрылғаны үшін Ресейге қарсы соғысып жатыр; бұрын сол шептің ішінде Елек бойында оның және қазақтардың малы үшін құнарлы шөп өсетін жайлы жерлері бар еді, ал енді ол қуаң далада көшіп жүруге мәжбүр болды; енді Жаңа Елек шебі қазақтарға берілмесе, Өзен мен Қамыс-Самардың жанындағы күзеттер таратылмаса және Арынғазы сұлтан босатылмаса, өйткені ол ғана қазақтарға жыртқыштық жасауға жол бермей, бәрін ретке келтіре алады, сонда ол аштан өле ме әлде әрекеттері үшін қаза таба ма, оған бәрібір, қазақтар шепке шабуыл жасаудан бас тартпайды...» (Примечание 5, 2019: 527).

Ресейдің өңірлік билігі Жоламанның талаптарына қарсы шықса да, Жоламан бастаған билер мен батырлардың Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссенге Елек пен Жайық аралығындағы жерлерді қайтару және Арынғазы сұлтанды босату туралы 1823 жылғы 3 қыркүйектегі өтінішінде осы мәселе қайтадан көтерілді: «Кіші жүзде Әбілқайыр хан болған кезде жоғары үкімет сол Ордаға Жайық өзенінің бер жағындағы жерлерді пайдалануға рұқсат берді... соны біз 1810 жылға дейін кедергісіз пайдаландық. Ал сосын Ресей Елек өзенінің бойында форпосттарды салғаннан кейін бізге сол жерлерді пайдалануға және балықшылықпен айналысуға тыйым салынды және көптеген ауылдар ағаштары, жақсы суы жоқ Електің ар жағында көшіп жүруге мәжбүр болдық, сондықтан жағдайымыз өте мүшкіл. Нарынқұм деген далада, Өзен мен Самараның жанында Ресей бізге малшылықта әртүрлі кедергі жасайтын бекеттерін салып қойыпты. Сол себептен... бұрынғыдай осы жерлерді кедергісіз пайдаланып, еркін көшіп жүруге рұқсат беріп, ал форпосттар мен бекеттерді 1810 жылға дейін болғандай, мүлдем алып тастаса ғой, ал Елек пен Жайық өзендерінің аралығындағы кедергісіз пайдалансақ...» (РМГА. 1291-қор. 81-тізімдеме. 90-іс. 364 – 365-парақ).

Жаңа Елек шебінің командирі есаул Аржанухиннің Орынбор Шекара комиссиясына Жоламан бастаған көтерілісшілердің шабуылдары туралы 1822 жылғы 4 тамыздағы рапортында Жоламан жасағына сипаттама берілді: «Сол тобырдағы қазақтарда мылтық, қылыш, сүңгі, сауыт, қосарлы аттары бар, сол тобырдың басшысы – Жоламан батыр, ал оның көмекшілері және сол тобырға бұйрық беретін қазақтар, яғни Көтебаш, Жаналы, Түркібай, Ерліқаш молланың ағайын-інілері, Жәнібектің балалары, Түктібай Баилев, өзге де барып тұрған ұрылар бар; және осындай аусар адамдармен бірге басқа жерден келген қазақтар да бар; қарақшылардың ауылдары енді Жоламан бимен бірігіп, Ойыл өзенінің бойында орналасқан. Сол тобыр міндетті түрде бір форпостқа шабуыл жасауға және Жаңа шепте жиі жыртқыштықпен айналысуға ниеттеніп отыр. Сол туралы Шекара комиссиясын хабардар етіп отырмын...» (ҚР ОМА. И-4-қор. 1-тізімдеме. 1805-іс. 2–3-парақ).

Батыс Қазақстандағы жағдайды талқылағанда, Азиаттық комитет қазақ шапқындарын тоқтату үшін қазақ даласына әскери жазалау экспедициясын жіберді. 1823 жылы қыстыгүні полковник Бергтің басшылығымен қазақ даласына үш жасақтан тұратын жазалау әскері жіберілді. Солардың бірі полковник Циолковскийдің басшылығымен Ембіге қарай жылжып, жолшыбай бірнеше ауылды талқандап жіберді. Майор Мизиновтың басшылығымен жіберілген жасақ та осылай істеді, ал Бергтің жасағы Орскіден шығып, Циолковскийдің жасағымен бірігу үшін қазақ елінің ішіне қарай жылжи бастады. Яғни экспедиция жоспары көтерілісші қазақтарды қоршап алу болды. Бірақ бұл жоспар сәтсіз аяқталды, өйткені қазақтар Ойыл бойымен Қарақұмға қарай кетті. Сол жаққа Жоламанның өзі де жылжыды (Вяткин, 1941: 228).

Ресей билігінің өкілдері көтерілісшілерді тікелей қорқытуға көшті. Мысалы, 1823 жылғы 14 қараша күні Шерғазы хан басқарған арнайы комиссия Жоламан Тіленшіұлы мен билерден, сондай-ақ игі жақсылардан бұрынғы қоныстарын қайтару талабынан бас тартуды талап етті. Атап айтқанда, олар былай деп көрсетті: «Егер сіздер осындай қара ниеттен бас тартпасаңыздар және бұдан әрі де тыныштыққа келмесеңіздер, пасық қылық және әрекетпен император патшаның ашуына тисеңіздер, онда Елек өзені былай тұрсын, сіздер ылғи көшіп жүрген Жем өзені де

қалмайды, өйткені патша императордың соны істеуге күші де, сіздерді басуға билігі де жетеді, бірақ қара ниттен бас тартып, теріс қылықтарыңызға өкініп, сіздер тұтқындаған адамдар мен айдап, ұрлап әкеткен жылқыларды қайтарсаңыздар, онда ұлы мәртебелі патша император сіздердің қара ниеттен бас тартып, өкінгендеріңізді көріп, мейірімділігін көрсетіп, кешіреді де, сіздер шептегі кісілермен бейбіт қатар өмір сүріп, бұрынғы қоныстарыңызды еш кедергісіз емір-еркін пайдаланып жүресіздер» (Предписание Комиссии, учрежденной под председательством хана Шергазы батыру Жоламану Тленшиулы... 1940: 447 – 448).

Жоламан Тіленшіұлы шекарасы Сырдарияның төменгі ағысын қамтитын Хиуа хандығына қарай барып, Хиуа ханы Мұхаммед-Рахимге хат жазып, сол хатта Хиуа хандығына жататын жерлерде көшіп-қонуға рұқсат сұрады. Жоламанның айтуынша, орыстар жіберген жасақтар Хиуаға қарсы шабуыл жасамақ болды, бірақ қазақтар қарымта тойтарыс бергесін ғана орыс жасақтары тоқтады. Жоламан Хиуа ханына Ресейге қарсы бағытталған одақ құруды ұсынды (Вяткин, 1941: 228).

1823 жылдың 27 қазан күні тархан, Кіші жүздің батыры Жоламан Тіленшіұлы Орынбор әскери губернаторы, инфантерия генералы П.К. Эссенге бір хат жолдады. Ол хатта Жоламан Шерғазы ханға сенбейтінін ашық айтты: «Менің қазақтармен бірігіп... бұдан бұрын жіберілген хатыма Орынбор шекара комиссиясының маған жазған 27 қыркүйектегі (1823 жылғы. – авт.) ұйғарымын алдым. Сол ұйғарымда рұқсатты Кіші жүздің ханы Шерғазы Айшуақов арқылы алатыным айтылған болатын. Бірақ сол хан сабырсыз әрі екі жақты, яғни Ресейді де, бізді де жек көреді... Сондықтан Шерғазы ханның Ресей мен бізге қарсы қара ниеті бар болғасын, мен оған сене алмаймын және менің өтінішіме рұқсат бергеніңізді маған айтатынына күмәнданамын. Сол себептен оған айтпай, мені арнайы сенімді адам жіберіп хабардар етуіңізді өтінемін» (РМТА. 1291-қор. 81-тізімдеме. 90-іс. 368–369-парақ).

Дәл осы уақытта Жоламан Орынбор губернаторының өкілдерімен кездесуден де бас тартқан жоқ. Мысалы, Ресей билігінің өкілі, хорунжий Х. Биккинин Жоламанның талаптарын Орынбор губернаторына жеткізетінін айтқанда, Жоламан Орынбор әкімшілігінен жауап келгенше, өзінің кісілеріне орыс әскери шебіне шапқын жасауды тоқтатуға өкім берді (Вяткин, 1941: 229).

Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссен Сыртқы істер министрлігінің басқарушысы К.В. Нессельродеге жолдаған 1823 жылғы 19 желтоқсандағы хатында Жоламан Тіленшіұлына қарсы жазалаушы жасақ жіберу керек екенін атап өтті. Дәлірек айтқанда, П.К. Эссен былай деп жазды: «Өткен жаз көрсеткендей, Кіші жүз қазақтарының арасындағы күшейіп келе жатқан толқулар [қазақ] даласында тыныштық орнатып, болашақта да тыныштықтың болуын қамтамасыз ету үшін менің жағымнан бар тиімді шараларды қолдануға тура келді. Кіші жүзге барып, сондағы жағдайды көргенде, менің ойымша, қауіп-қатер негізінен екі бүлікшіден шығып жатыр, солардың Жоламан Тіленші деген біреуі біздің әскери шебімізге қарсы шабуыл жасап жатыр, ал Қабан Елеманев деген өзгесі Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы Жайық өзенінің сағасынан оңтүстікке қарай орналасқан аумақта әрекет жасап жүр. Қазақ бүлікшілеріне қарсы қолданылатын бұлтартпау шаралары олар әскери шепке шабуыл жасағанда ғана тиімді екен, бірақ соның басты себебі осындай: бүлік шептен ұзақ жерде орын алған соң, бүлікшілерге жаңадан жәрдем келіп тұрады, сондықтан шептегі кісілер былай тұрсын, соның жанында тұратын қазақтар да бүлікшілерге көмектесуден бас тартса, олар қауіп-қатерге ұшырайды. Жалпы алғанда, қазақтар ойына келгенді істеп жүр; солардың арасындағы араздық, жендеттік, барымта қанша рет болып жатқанын да айта алмайсың, ал сауда керуендері талай рет тоналғасын, тоқтап қалды деп айтуға болар еді» (Письмо оренбургского военного губернатора П.К. Эссена..., 1940: 450 – 451).

Осындай жағдайды баяндай отырып, П.К. Эссен келесі ұсыныс жасады: «... сол екі бүлікші мен олардың сыбайластырын міндетті түрде ұстап алу керек, әйтпесе бүлікшілер тобы далада жүре берсе, тыныштық болмайды. Олардың Електі қайтару талабы мен басқа талаптарын Сіз өзіңіз Жоламан Тіленші жазған хаттарынан білесіз... Талаптары орындалмағандықтан олардың Ресейге қарсы соғысып жатқанын бүкіл Кіші жүз қазақтарына жариялағаны үшін басқаларға үлгі болсын деп жазалау керек, өйткені осындай жариялаудың жартылай жабайы қазақ халқына болашақта әскери шепке байланысты жаман әсер етеді де, ал бүлікшілерге пайдасы

тиеді. Бүлікшілерді ұстап алу үшін Төменгі Жайық (Нижеуральская) әскери шебінен қазірден бастап әрқайсысына қазақтың екі зеңбірегін беріп, әскери жасақты жіберу керек, яғни бір мың казактан тұратын жасақты осы уақытта Жем бойында қыстап жүрген Жоламан тобына қарсы, ал бес жүз казактан тұратын басқа жасақты Каспий теңізінің жағалуымен жіберілсін. Қазақ даласының батыс жағында осы жасақтардың жорыққа шығуы қиын болса да, мүмкін әрі жемісті болуға ыңғайлы, өйткені қыстыгүні қазақтар жиі көшіп жүрмей, қыс бойы бір жерде тұрады. Сондай жасақтарды жаздыгүні жіберу ыңғайсыз болатынын мен биыл 10 қаңтарда (№ 1) Сыртқы істер министрлігін хабардар еттім; және [қазақ] даласына жіберілген соңғы экспедиция сол уақытта кінәлілерді ұстап алу мүмкін емес екенін іс жүзінде көрсетті; ал қазір қолайлы мүмкіндік бар» (Письмо оренбургского военного губернатора П.К. Эссена..., 1940: 450–451).

Құжаттарға қарағанда, П.К. Эссеннің ұсынысы қабылданып, қазақ даласына Жоламан Тіленшіұлына қарсы жазалаушы жасақтың жіберілгенін көруге болады. Атап айтқанда, 1824 жылғы 18 наурыз күні әскери атаман П.М. Назаров Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссенге жолдаған баянатында былай жазды: «... мен Сізге 25 ақпан күні жолдаған баянатымдағы қылмыскерлер менің талабыммен маған берілді. Бұл ретте мен алған Сіздің нұсқаулығыңызға сәйкес, мен қарапайым қазақтардың ешқайсысына ештеңе болмайтынын және олардың жеке меншігіне ешкім қол сұқпайтынын айттым, соны Тайпақ және Тұздықөл шатқалдарындағы жасағымыз дәлелдесе керек... қамыста тығылып қалған бүлікшілер табанды қарсылық білдірді, бұл ретте олардың көп адамы жараланды, қалғандары ұсталды. Сол қалғандар Жаманағаш шөл аймағында табын руына жататын қазақтардың, Жоламан Тіленшінің сыбайластары мен оның Домалақ деген туысының көшіп жүргенін біліп алдық; сондықтан мен сол жаққа жылжи бастадым» (Рапорт войскового атамана П.М. Назарова..., 1940: 463).

Содан кейін шайқастың барысында қаруланған қазақтардың бір бөлігі күші тең емес ұрыста қаза тапты. Домалақтың ауылдары Жемге қарай шегінді. Жазалаушы жасақ олардың сонынан Ақшат шөл аймағына дейін 100 шақырым жүрді. Бірақ дәл сол кезде қар еріп кетті, сондықтан қысқы лай батпақпен жүру қиын болды. 1824 жылғы 29 ақпанға қараған түні жазалаушы жасақ Құлшығай өзенінің жоғарғы жағына қарай бара жатқанда, сол жасаққа қарсы бірнеше қаруланған қазақ шықты. Қызу ұрыс басталып кетті. Қазақтар жазалаушы жасақты күйрете алмады. Содан кейін жазалаушы жасақ тура әскери шепке қарай жылжи бастады, өйткені «көптеген бүлікшілер өлтірілгеннен кейін экспедицияның бас мақсатына бір жағынан жеттік» («по истреблению многих мятежников главная цель отправления экспедиции была уже отчасти достигнута») (Рапорт войскового атамана П.М. Назарова..., 1940: 464).

Алайда көтеріліс тоқталған жоқ. Мысалы, 1825 жылғы 22 қазан күні Орынбор қазақтарының Батыс бөлігіндегі аға сұлтан Қаратай Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссенге жолдаған хабарламасында қазақтарға шамасы келмейтінін жазды: «Табын және тама руларына жататын қазақтар, мен Сізге бұрын айтқандай, маған бағынбай, қазақ халқына жоғарыдан келген бұйрықтарды мүлдем орындағылары келмейді. Сонымен қатар олар көптеген ұшқалақ мінезді кісілерді қоздырып бұзақылық жолға түсіріп жүр. Мен старшын мен басқа адамдар арқылы жазбаша түрде де, ауызша да сол бүлікшілермен сөйлесіп, оларды тыныштандыруға тырыссам да, бірақ пайдасыз әуре болдым... Сондықтан бүлікшілерді басу үшін оларды аямай-ақ қатаң шаралар қолдануға тура келді» (Донесение султана-правителя западной части Малой орды Каратая..., 1940. С. 474).

Орынбор кедендік округінің бастығы қаржы министрі Е.Ф. Канкринге жолдаған хабарламасында аға сұлтан Қаратайдың табын руына жататын қазақтарға қарсы ұйымдастырылған экспедицияның келтірілген зияны жайлы сөз еткенде, төмендегідей көрсетеді: «... шекараның ар жағындағы Қобда өзенінде орналасқан Илецкая Защита бекінісінің жанында көшіп жүретін аға сұлтан Қаратай Нүрәлиев өзі бастаған Жайық казактарының жасағымен бірігіп, табын руына жататын 100-ге жуық бүлікші қазақтың үйін тас-талқан етті де 37 қазақты тұтқынға алып, оларды Орал қаласына апарды» (Донесение начальника Оренбургского таможенного округа министру финансов гр. Е.Ф. Канкрину..., 1940: 477–478).

1820-жылдардың екінші жартысында Ресей билігінің өкілдері қазақтардың талаптарын орындаудан үзілді-кесілді бас тартты. Атап айтқанда, 1826 жылғы 29 сәуір күні Жоламан

Тіленшіұлының Орынбор губернаторы П.К. Эссенге жіберілген хатында Елек бойындағы жерлерді қайтаруды тағы сұрады, өйткені «ата-бабаларынан қалған жерлерін пайдалана алмағасын, біздің қазақтар мүлдем тыныштала алмай жүр» (ҚР ОМА. И-4-қор. 1-тізімдеме. 1341-іс. 12-парақ).

1826 ж. 22 маусымда Орынбор әскери губернаторы басқармасынан Орынбор қазақтарының Батыс бөлігін басқарған сұлтан Шыңғали Ормановқа жіберілген ұйғарымында Жоламан Тіленшіұлына Елек бойындағы бұрынғы қоныстарына баруға рұқсат жоқ екені айтылды: «Елек пен Жайықтың арасындағы аумақ ұлы патша, бүкілресейлік император бұйрығымен Елек түз кәсіпшілігі басқармасының қарамағына берілді, ал түз тасушыларды қорғау үшін Елек өзенінің бойында жаңа шеп салынған, сол шепте казактардың тұрақты үй-жайлары орналасқан және соған қоса сол жаққа жіберілетін әскерилерилердің саны аз емес. Сондықтан қазақтардың шептің ішкі жағында көшіп тұруға рұқсат жоқ. Шекара комиссиясы оны 1819 жылдың тамыз айында хан Шерғазы Айшуақұлы мен сұлтан Арынғазы Әбілғазыұлына жіберілген хатта қазақтарға айтылсын деп рет-ретімен жазылған болатын. Сол кезде Жоламанға да Елек пен Жайық арасындағы аумақты мекендеуге болмайтыны айтылды. Алайда ол Електің ішкі жағындағы жерді қайтарамын деп жүрді. Оның осындай талаптарын елдің үкіметіне жеткіздім, ал үкімет ұлы император патша оларды негізсіз деп, рұқсат беруге де болмайтынын айтты...» (ҚР ОМА. И-4-қор. 1-тізімдеме. 1341-іс. 13–15-парақ).

Орынбор қазақтары 1-дистанциясының бастығы Мырзағали Өзбекәлиевтің 1839 жылғы 2 шілде күні Төменгі Жайық линиясы төменгі дистанциясының командиріне жолдаған хабарламасында былай жазды: «Маған сұлтан Дәулеткерей Пірғалиев пен өзге қазақтар хабарлағандай, ылғи Жайық өзенінің жанында және соған жақын жерде қыстайтын... алшын, байбақты, тана, масқар және қызылқұрт рулары өз малын жинап, ауылдарымен бірге, Қиыл өзенінің жоғарғы ағысындағы қазір тұратын жерге қоныс аударды. Сол жерден олар бұдан әрі өзін жақтайтын қазақтармен бірігіп, Бұхара мен Хиуа жанында көшіп жүрген би Жоламан батырға қосыламыз дейді» (ҚР ОМА. И-4 қор. 1-тізімдеме. 3343-іс. 2-парақ).

Орынбор әскери губернаторы В.А. Перовскийдің Ресейдің қорғаныс министрі А.И. Чернышевке Кенесары мен Жоламанға қарсы іс-шаралар қолдану жөніндегі 1839 жылғы 9 қаңтардағы мәлімдемесінде былай айтылған: «Бізге бағынбай кеткен қазақтарға қарсы жіберілген Сібір ведомствосының қарамағындағы далалық жасаққа жәрдем ету мақсатында бұрынғы хабарларыма қосымша ретінде тағы да қосарым бар, яғни қазір Қасым мен Кенесарының жақтастары [көтеріліс үшін] едәуір жұмыс жасағандары туралы жаңадан хабар алдым. Соларға Орынбор қазақтарының арасынан шыққан әлдеқашан белгілі қарақшы Жоламан қосылып, олардың бәрі сегіз мыңдай адам жинап алып, қарақшылық жасағылары келеді. Орданың шығыс жағында Сібір қазақтарымен шекаралас тұратын сұлтандардың көпшілігі бізге бағынбай кеткен сұлтандардың туысқандары екен, сондықтан ниеттерін дәл қазір ашық көрсетпесе де, олар да тәртіпсіздікке қатысуға тартылатын шығар» (РМЭТА. 846-қор. 16-тізімдеме. 1161-іс. 154–155-парақ).

Жоламан мен Қасым, Кенесары сұлтандар арасындағы тығыз байланыстар 1837 ж. жаз айларынан бастап шамамен 1840 жылдың жазына дейін жалғасқан. 1840 жылдың маусым айында Қасым сұлтанды Ташкент әміршісі алдаумен шақырып көптеген жақын туыстарымен бірге өлтіргені белгілі. Осы оқиғадан соң жасы келген Жоламан көтеріліс қимылдарынан біртіндеп шыға бастаған (Жетпісбай, 2021: 147).

Мақала «Қазақ хандарының, сұлтандарының, батырларының өмірі мен қызметінің белгісіз қырлары туралы жаңадан ашылған ресейлік архивтердің деректері (XVIII-XIX ғ. бірінші жартысы)» ГҚ жобасының аясында жазылды.

Қорытынды. Географиялық орналасу жағынан Еуропа мен Азия құрлықтары арасындағы маңызды аумақтарды жалғастыратын далалық өңірлер, көрші елдердің қысымдарына тап болып отырған. Деректерде, батыс өңіріндегі қазақтардың 1773-1775 жж. Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне қатысуынан бастап, 1870 ж. Маңғыстау көтерілісіне дейін жат ықпалға қарсы наразылықтар жылдар бойы тоқтамады. Сонымен қатар 1838-1841 жж. Батыс Қазақстанға шектес Торғай-Ырғыз, Сыр бойы аралықтары Кенесары қозғалысының ту тіккен ордасына

айналды. Бұлардың арасында XIX ғ. 40-70 жж. аралығында орыс өкіметінің қазақ даласынан мектептер ашуына, басқа да іс-шараларына қарсы наразылықтар, халық толқулары болды. Жоламан бастаған көтеріліс қазақ жұртының біртұтастығы мен елдігін сақтау жолындағы күрес. Жоламан мен оның серіктері өз жерлерін қайтарумен қатар, империя жоспарлы түрде әлсіреткен қазақ ордасындағы мықты билікті қалпына келтіру үшін күресті. Басты күн тәртібінде өзара жанжалдасып жатқан ұлттың бірлігі тұрды. Осы мақсатта ұлт мүддесі жолында жанқияр әрекет еткен Арынғазы сұлтанды, одан соң Кенесары бастаған көтерілісті жақтады. Жоламан көтерілісі Қазақстанның біраз жерлерін алып жатты. Қазақ сарбаздары өз әрекеттерін Ресей империясына қарсы ашық соғыс деп жариялап, шепке көптеген қарулы шабуылдар ұйымдастырылды. Қазақ қауымдарын Ресей тарапынан мүлдем алып кету, арадағы байланыстарды біржолата үзу үндеулері жаппай таратылды. Қазақ жұртын бір сәт оңтүстік өңірлерге алып кетіп тәуелсіз хандықты қалпына келтіру талпыныстары жасалды. Жоламан күресін басу үшін көптеген ірі-ірі әскери жасақтар шығарылды. Қарсылықтар империяның даланы отарлау ісін біраз жылдарға тежеді. Мұндай оқиғалардың басым бөлігі Отан тарихындағы ең бір аз зерттелген тың мағлұматтарды құрайтыны жасырын емес. Бүгінде Жоламан көтерілісін мұқият зерттеп, оған толыққанды қорытындылар мен бағалар беру – ұлттық тарихымыздағы ақтаңдақтардың бірін ашу болып есептеледі. Бүгінде осыған дейін арнайы қарастырылмаған отарлауға қарсы ең ірі қарсылықтардың бірін егжей-тегжейлі зерттеу аса өзектілігімен қатар тарихымыздағы оқиғалардың бірін толтыруға қадам жасайды.

Information about authors:

A.D. Kunikeev – Institute of History and Ethnology named after Ch. Valikhanov. Kazakhstan, Almaty, E-mail: aman.kunikeev@mail.ru, ID: <https://orcid.org/0000-0002-8333-9354>;

N.N. Zhetpisbay – Institute of History and Ethnology named after Ch. Valikhanov. Kazakhstan, Almaty, nurzhan976@mail.ru, ID: <https://orcid.org/0000-0002-6520-9724>).

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ:

Баймағамбетова Р.С. Восстание казахов Младшего жуза под руководством бия Табынского рода батыра Жоламана Тленшина // Вестник КазГУ. 2007. <https://articlekz.com/article/5217>.

Военно-статистическое обозрение Российской империи. Том 14. Ч. 3. – Сост. И. Бларамберг. – СПб.: Тип. Департамента Ген. Штаба, 1848. – 119 с.

Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. Т.1. ОГИЗ, ГОСПОЛИТИЗДАТ, 1941.

Донесение начальника Оренбургского таможенного округа министру финансов гр. Е.Ф. Канкрину о размерах ущерба, причиненного казахам рода табын карательной экспедицией султана-правителя Каратая // Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.). – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. С. 477 – 478.

Донесение начальника Оренбургского таможенного округа министру финансов гр. Е.Ф. Канкрину о размерах ущерба, причиненного казахам рода табын карательной экспедицией султана-правителя Каратая // Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.). – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. С. 477 – 478.

Жетпісбай Н.Ы. Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1822–1840 жж.). Философия докторы (PhD) дәреж. алу үшін дайынд. дисс... Нұр-Сұлтан, 2021. – 188 б.

Кенжебеков К.К., Кабдушев Б.Ж., Байдильдина С.Х. Формирование войск Оренбургского корпуса в XVIII–XIX вв. // Международный научно-исследовательский журнал. № 2 (92), 2020. Ч. 2. Февраль. – С. 87 – 94.

Қазақстан Республикасының Орталық мелекеттік архиві (ҚР ОМА). И-4-қор. 1-тізімдеме. 1272-іс.

ҚР ОМА. И-4-қ., 1-т., 1341-іс.

ҚР ОМА. И-4-қ., 1-т., 1805-іс.

ҚР ОМА. И-4-қ., 1-т., 1856-іс.

ҚР ОМА. И-4-қ., 1-т., 3343-іс.

Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. – Часть I. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Сост. Л. Мейер. – СПб, 1868. – 464 с.

Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828). – Том 4. – М.-Л.: Изд. АН СССР, 1940. – 543 с.

Письмо оренбургского военного губернатора П.К. Эссена управляющему МИД гр. К.В. Нессельроде с сообщением о движении главного старшины Жоламана Тленши и о необходимости послать в степь карательный отряд от 19 декабря 1823 г. Секретно // Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.). – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – С. 450-452.

Предписание Комиссии, учрежденной под председательством хана Шергазы батыру Жоламану Тленшиулы, биям и другим влиятельным лицам с требованием прекратить борьбу за возвращение прежних кочевий. 14 ноября 1823 г. // Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828). Т. 4. М.-Л.: Изд. АН СССР, 1940.

Примечание 5 // Национально-освободительное движение казахского народа в конце XVIII – начале XX веков. Сборник документов / Сост.: Сатенова М.Р., Оразов Р.Е., Жетписбай Н.Ы., Жылысбаева М.Г. Алматы: ТОО «Литера-М», 2019. С. 527–528.

Рапорт войскового атамана П.М. Назарова оренбургскому военному губернатору П.К. Эссену о действиях карательного отряда против приверженцев главного старшины Жоламана Тленши от 18 марта 1824 г. // Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.). – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1940. – С. 463-465.

Ресей мемлекеттік әскери және тарих архиві (РМӘТА). 846-қор. 16-тізімдеме. 1161-іс.

Ресей мемлекеттік тарих архиві (РМТА). 1291-к., 81-т., 90-іс.

Терентьев М. История завоевания Средней Азии. – Том 1. – СПб.: Типо-литогр. В.В. Комарова, 1906. – 510 с.

REFERENCES:

Baimagambetova R.S. Vosstanie kazakhov Mladshego zhuza pod rukovodstvom biya Tabynskogo roda batyra Zholamana Tlenshina [The uprising of Kazakhs under the leadership of the younger Zhuza of the Tabyn family, Zholamana Tlenshina] // Vestnik KarGU. 2007. <https://articlekz.com/article/5217>. [Russian].

Voennoe-statisticheskoe obozrenie Rossiyskoi imperiy [Military and statistical survey of the Russian Empire.] Tom 14. Ch. 3. – Sost. I. Blaramberg. - SPb.: Typ. Department Gen. Shtaba, 1848. - 119 p. [Russian].

Vyatkin M.P. Ocherki po istoriy Kazahskoy SSR [Essays on the history of the Kazakh SSR.] T. 1. OGIZ, GOSPOLITIZDAT, 1941. [Russian].

Donesenie nachalnica Orenburgskogo tamozhennogo okruga minystru finansov gr. E.F. Kankrinu o razmerah usherba, prichinennogo kazaham roda Tabyn karatelnoi ekspediciy sultana-pravitelya Karataya [Report to the head of the Orenburg customs district of the Ministry of Finance, Gr. E.F. Kankrinu the amount of damage, caused to the Kazakh tribe by the punitive expedition of Sultan-ruler Karataya] // Materialy po istorii Kazahskoy SSR (1785–1828 gg). M. - L.: Izd-vo AN USSR, 1940. S. 477–478. [Russian].

Donesenie nachalnica Orenburgskogo tamozhennogo okruga minystru finansov gr. E.F. Kankrinu o razmerah usherba, prichinennogo kazaham roda Tabyn karatelnoi ekspediciy sultana-pravitelya Karataya [Report to the head of the Orenburg customs district of the Ministry of Finance, Gr. E.F. Kankrinu the amount of damage, caused to the Kazakh tribe by the punitive expedition of Sultan-ruler Karataya] // Materialy po istorii Kazahskoy SSR (1785–1828 gg). M. - L.: Izd-vo AN USSR, 1940. S. 477–478. [Russian].

Zhetpisbay N.Y. Zholaman Tilenshiuly bastagan ult-azattyq koterilic (1822-1840 zhzh). Filosofia doctory (PhD) darezhesin alu ushyn dayindalgan diss... [National liberation uprising led by Zholaman Tilenshiuly (1822-1840). Doctor of Philosophy (PhD) degree. ready to receive diss...] Nur-Sultan, 2021. 188 p. [Kazakh].

Kenzhebekov K.K., Kabdushev B.Zh., Baidildina S.H. formirovaniye voisk Orenburgskogo korpusa v XVIII – XIX vv. [Formation of troops of the Orenburg corps in the XVIII-XIX centuries.] // International scientific research journal. No. 2 (92), 2020. Ch. 2. February. S. 87–94. [Russian].

Qazaqstna Respublikasinin Ortalyq memlekettik arhivi [Central state archive of the Republic of Kazakhstan] (QR OMA). Fund I-4. List 1. Case 1272.

QR OMA. Fund I-4. List 1. Case 1341.

QR OMA. Fund I-4. List 1. Case 1805.

QR OMA. Fund I-4. List 1. 1856 case.

QR OMA. Fund I-4. List 1. Case 3343.

Materyaly dlya geografii i statystiky Rossiy, sobrannyye ofyceramy generalnogo shtaba [Materials for geography and statistics of Russia, collected by officers of the general staff.] - Chast I. Kyrgyz steppe of the Orenburg department. Sost. L. Meyer. - St. Petersburg, 1868. - 464 p. [Russian].

Materialy po istoriy Kazahskoi SSR (1785-1828) [Materials on the history of the Kazakh SSR (1785-1828).] – Vol. 4. - M.-L.: Izd. AN SSSR, 1940. - 543 s. [Russian].

Pismo Orenburgskogo voennogo gubernatora P.K. Essena upravlayushemu MID gr. K.V. Nesselrode s soobshenyem o dvizheniy glavnoy starshiny Zhholamana Tlenshi i o neobhodimosti poslat v step karatelnyy otryad ot 19 dekabrya 1823 g. Sekretno [Letter to Orenburg Military Governor P.K. Essena manager of the Ministry of Foreign Affairs gr. K.V. Nesselrode on December 19, 1823, sent a message about the movement of Chief Sergeant Jolamana Tlenshi and the need to send a punitive detachment to the steppe. Secretly] // Materialy on the history of the Kazakh SSR (1785–1828). M. - L.: Izd-vo AN USSR, 1940. S. 450–452. [Russian].

The order of the Commission, established under the chairmanship of Khan Shergazy Batyru Zholamanu Tlenshiuly, demands that I and other influential persons stop fighting for the return of former nomads. November 14, 1823 // Materials on the history of the Kazakh SSR (1785-1828). T. 4. M.-L.: Izd. AN USSR, 1940. [Russian].

Note 5 // Predpisanye Komisyi, uchrezhdennoi pod predcedatelstvom hana Shergazy batyru Zholamanu Tlenshiuly, biyam i drugim vlyatelnym litcam s trebovaniem prekratyt borbu za vozvrasheniem prezhnih kochevyi. 14 noyabrya 1823 g. [National liberation movement of the Kazakh people in the late 18th - early 20th centuries. Collection of documents] / Sost.: Satenova M.R., Orazov R.E., Zhetpisbay N.Y., Zhylysbayeva M.G. Almaty: Litera-M LLP, 2019. S. 527–528. [Russian].

Raport voiskovogo atamana P.M. Nazarova Orenburgsomu voennomu gubernatoru P.K. Essenu o deystnyah karatel'nogo otryada protyv priverzhencev glavnogo starshyni Zholamana Tlenshi ot 18 marta 1824 g. [Report of the military commander P.M. Nazarova Orenburg Military Governor P.K. Essay on the actions of the punitive detachment against the partisans of the chief of staff Zholamana Tlenshi on March 18, 1824] // Materialy po istorii Kazakh SSR (1785–1828). M. - L.: Izd-vo AN USSR, 1940. S. 463–465. [Russian].

Resei memlekettik askeri jane taryhy arhivi [Russian State Military and Historical Archive] (RMATA). Fund 846. List 16. Case 1161. [Russian].

Resei memlekettik taryhy arhivi [Russian State Historical Archive] (RMTA). Fund 1291. List 81. Case 90.

Terentyev M. Istoriya zavoevanya Sredney Azyi. [The history of the conquest of Central Asia.] - Volume 1. - SPb.: Typo-litogr. V.V. Komarova, 1906. - 510 p.

МАЗМҰНЫ ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Бұрханов Б.Б. КЕҢЕСТІК ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ).....	4
Кушқумбаев А.Қ., Уалиев Т.А. ЕР ЕДІГЕ ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ (XIX ғ. II-жартысы – XX ғ. I-жартысы).....	15
Қапаева А.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921 – 1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМЫ.....	27

ТАРИХ

Ағатай Ө.М. ҚАЗАҚ БАТЫРЛАР ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ЖАҚ (ЖАЙ) ҚАРУЫ.....	41
Бекенова А.А. СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ОНЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ШАРУАЛАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ТҮРМЫСТАҒЫ МЕРЕКЕЛЕУ МӘДЕНИЕТІ (1945 – 1955).....	56
Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.Қ. 1930 – 1950 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МУЗЕЙ САЛАСЫ ДАМУЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	70
Закарья Р. ЕУРОПАЛЫҚ МИГРАНТТАРДЫҢ КСРО-ҒА ҚОНЫС АУДАРУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	81
Көкебаева Г.К., Шілдебай С.Қ., Стамшалов Е.И. 1967 ЖЫЛҒЫ ШЫМКЕНТ КӨТЕРІЛІСІ	98
Крупко И.В. ОТЫРАР КІТАПХАНАСЫНЫҢ БЕЙНЕ ЖӘНЕ НАРРАТИВ СЕМИОЗИСІ: ЖОҒАЛҒАН АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ ІЗДЕСТІРУ БАРЫСЫНДА.....	112
Күнікеев А.Д., Жетпісбай Н.Ы. ЖОЛАМАН ТІЛЕНШІҰЛЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1822 – 1840).....	126
Қалыбекова М.Ш. XX ҒАСЫРДЫҢ 30 – 50 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРІГЕЙЛІКТІ ЖОЮ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	138
Қасымова Д.Б. Ж. ШАЯХМЕТОВ ПЕН Д. ҚОНАЕВ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕН ҚАЛАЙ КЕТТІ: ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕ КЕЗЕҢДЕРІ.....	151
Қозыбаева М.М. СОҒЫСТАН KEЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАН КОЛХОЗДАРЫНЫҢ	

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ (1946 – 1953).....	163
Қуанбай О.Б. ҚҰЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ (1715–1776).....	172
Құдайбергенова А.И., Мамытова С.Н., Көбеев Р.Ж. АШЫҚҚАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫНЫҢ АУЫП БАРҒАН ЖЕРДЕГІ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ АРХИВТІК ДЕРЕКТЕРДЕН (1931 – 1933).....	185
Муканова Г.К., Байжуманова З.Б. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ РЕДАКТОРЛЫҒЫНДАҒЫ «БАХАИЗМ» ЖАЙЛЫ ДӘРІСТЕР ЖӘНЕ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВТЫҢ «ОҚУЛЫҚ ЖАЗБАЛАРЫ».....	196
Нурсултанова Л.Н., Еркін А.Е. ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАЯУ ШЫҒЫСТЫҢ САЯСИ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ТАРИХИ-ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТИ.....	206
Оразов Р.Е., Сатенова М.Р. АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ.....	217
Оспанов Н.М. КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БҰҰ-ДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАРДЫ РЕПАТРИАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТЫ.....	228
Ошан Ж. ҚЫТАЙ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ЕЛТЕРІС ҚАҒАН ТУРАЛЫ ШІНАРА МӘЛІМЕТТЕР.....	238
Сарманова С.Р., Қозыбаева М.М., Маслов Х.Б. ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	249
Сманова А.М. АХМЕТ ЗӘКИ УӘЛИДИДІҢ ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....	257
Стась И.Н., Нурбаев Ж.Е., М.М. Козыбаева АҚМОЛА ҚАЛАСЫНДАҒЫ ХІХ Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҒИБАДАТХАНА ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫНАН (ФОТОҚҰЖАТТАР МАТЕРИАЛДАРЫНДАҒЫ СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Құрманалина, А.Н. Конкабаева ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН ҰЛТЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МУЗЕЙ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	277
Түрсүн Х.М., Шаметов С.Т., Исаев М.С. ИСЛАМДЫҚ ЖӘНЕ ХРИСТИАНДЫҚ ЖЕРАСТЫ МІНАЖАТ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ОРТАҚ БЕЛГІЛЕР.....	289
Ханна Матт ЖАҒАҢДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАУ ҚҰБЫЛЫСЫ БІРІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС КЕЗІНДЕ: ТҮРКІСТАН ТӘЖІРИБЕСІ (1914 – 1916).....	301

Черепанов К.В.

Д.А. ҚОНАЕВТЫҢ АЛМАТЫНЫҢ ЕЛОРДАЛЫҚ
КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....314

Шакиева А.С.

ОТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ:
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТАРИХ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....329

Шотанова Ғ.А., Өжкенев Е.М., Жұмаділ А.Қ.

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАР:
ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ БАСТАЛУЫ.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН КЕШЕНДІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ-ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ 2021 ЖЫЛЫ ҚОБДА ӨЛКЕСİNДЕ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ.....353

Ганиева А., Ананьевская Е., Хасенова Б.

ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЫНЫҢ ЗАТТЫҚ ТОПТАМАСЫ:
АҚМОЛА ӨҢІРІНДЕГІ ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....361

Кулагина Е.В., Смағұлов Б.Қ., Болсынбек Т.Н.

ОМБЫ ӨЛКЕТАНУШЫСЫ СЕРГЕЙ РОМАНОВИЧ ЛАПТЕВТИҢ ЖОЛ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІНЕ
ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР.....370

Рогожинский А.Е., Камалдинов И.Р.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚАЛАЛАРЫ
(2021 – 2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ АЛДЫН-АЛА НӘТИЖЕЛЕРІ).....384

МЕРЕЙ ЖАС

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевұлы – 80 жас.....393

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

- Б.Б. Бурханов**
О НЕКОТОРЫХ СПЕЦИФИЧЕСКИХ ЧЕРТАХ ИСЛАМА
В СОВЕТСКОЙ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР).....4
- А.Қ. Кушкумбаев, Т.А. Уалиев**
ИСТОРИОГРАФИЯ ЭПОСА ЕР ЕДІГЕ ВО II ПОЛОВИНЕ XIX – I ПОЛОВИНЕ XX ВВ.....15
- А.Т. Капаева**
ТЕОРЕТИКО–МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ
К ИЗУЧЕНИЮ ГОЛОДА 1921 – 1922 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ.....27

ИСТОРИЯ

- У.М. Агатай**
ТРАДИЦИОННОЕ ОРУЖИЕ ЛУК В КАЗАХСКОМ ГЕРОИЧЕСКОМ ЭПОСЕ.....41
- А.А. Бекенова**
КУЛЬТУРА ПРАЗДНОВАНИЯ В ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ
КРЕСТЬЯН КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ (1945-1955).....56
- Н.К. Дуйсенова, Б.Қ. Смагулов**
НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ МУЗЕЙНОЙ
СФЕРЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930-Х – 1950-Х ГГ.....70
- Р. Закарья**
ПРЕДПОСЫЛКИ МИГРАЦИИ В СССР ЕВРОПЕЙСКИХ МИГРАНТОВ,
А ТАКЖЕ ИХ ОСНОВНЫЕ КАТЕГОРИИ.....81
- Г.К. Кокебаева, С.К. Шилдебай, Е.И. Стамшалов**
ЧИМКЕНТСКОЕ ВОССТАНИЕ 1967 ГОДА.....98
- И.В. Крупко**
СЕМИОЗИС ОБРАЗА И НАРРАТИВА ОТРАРСКОЙ БИБЛИОТЕКИ:
В ПОИСКАХ УТРАЧЕННОГО ПРОСВЕЩЕНИЯ.....112
- А.Д. Куникеев, Н.Ы. Жетписбай**
ВОССТАНИЕ ПОД РУКОВОДСТВОМ ЖОЛАМАНА ТЛЕНШИЕВА (1822-1840).....126
- М. Калыбекова**
ПРОБЛЕМЫ РАЗРУШЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ
ИДЕНТИЧНОСТИ В 30-50-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....138
- Д.Б. Касымова**
КАК «УХОДИЛИ» СО СВОИХ ПОСТОВ Ж. ШАЯХМЕТОВ
И Д. КУНАЕВ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....151
- М.М. Козыбаева**

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КОЛХОЗОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЙ ПЕРИОД (1946-1953).....	163
О.Б. Қуанбай КУЛСАРЫ БАТЫР – ДИПЛОМАТ, ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ (1715-1776).....	172
А.И. Кудайбергенова, С.Н. Мамытова, Р.Д. Кубеев ИЗ АРХИВНЫХ ДАННЫХ О ПРЕБЫВАНИИ КАЗАХСКИХ ГОЛОДОБЕЖЕНЦЕВ НА МЕСТАХ ОТКОЧЕВКИ (1931-1933).....	185
Г.К. Муканова, З.Б. Байжуманова ЛЕКЦИЯ ПО «БЕХАИЗМУ», РЕДАКТОР БУКЕЙХАНОВ И «ПИСАНИЕ УЧЕБНИКОВ» СМАГУЛОМ САДВОКАСОВЫМ.....	196
Л.Н. Нурсултанова, А.Е. Еркін ПОЛИТИКО – ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО КАЗАХСТАНА И БЛИЖНЕГО ВОСТОКА: ИСТОРИКО – ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ.....	206
Р.Е. Оразов, М.Р. Сатенова АХМЕТ БАЙТУРСЫНОВ И КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО.....	217
Н.М. Оспанов ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО СОЮЗА В ООН В ОТНОШЕНИИ ПРОБЛЕМЫ РЕПАТРИАЦИИ ВОЕННОПЛЕННЫХ.....	228
Ж. Ошан ЧАСТИЧНАЯ ИНФОРМАЦИЯ ОБ ЭЛЬТЕРИС-ХАНЕ В КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКАХ.....	238
С.Р. Сарманова, М.М. Козыбаева, Х.Б. Маслов АЛИХАН БУКЕЙХАН И ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ КАЗАХОВ.....	249
А. Сманова НАУЧНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ФОРМИРОВАНИЕ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ УСТАНОВОК АХМЕТА ЗАКИ ВАЛИДИ.....	257
И.Н. Стась, Ж.Е. Нурбаев, М.М. Козыбаева ИЗ ИСТОРИИ ХРАМОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В Г. АКМОЛИНСК ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ (АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ НА МАТЕРИАЛАХ ФОТОДОКУМЕНТОВ).....	266
Ш.Б. Тілеубаев, С.Г. Белоус, Н.Н. Курманалина, А.Н. Конкабаева ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ ПО ОРГАНИЗАЦИИ МУЗЕЙНОГО ДЕЛА В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	277
Х.М. Турсун, С.Т. Шаметов, М.С. Исаев ОБЩИЕ ЧЕРТЫ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИСЛАМСКИХ И ХРИСТИАНСКИХ ПОДЗЕМНЫХ МОЛИТВЕННЫХ МЕСТ.....	289

Ханна Матт

ГЛОБАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН ВОЕННОГО ПЛЕНА
В ПЕРИОД ПЕРВОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ОПЫТ ТУРКЕСТАНА (1914 – 1916).....301

К.В. Черепанов С.Е. Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
КОМПЛЕКСНОЙ ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ
ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ РЕГИОНЕ.....314

А.С. Шакиева

ИССЛЕДОВАНИЕ УЛУСА ДЖУЧИ В ИСТОРИИ ОТЕЧЕСТВА:
СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД И СОВРЕМЕННАЯ ИСТОРИЯ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....329

Г.А. Шотанова, Е.М. Ужкенов, А.К. Жумадил КАЗАХИ БУКЕЕВСКОЙ ОРДЫ:

НАЧАЛО МОДЕРНИЗАЦИИ ТРАДИЦИОННОГО ОБЩЕСТВА.....340

АНТРОПОЛОГИЯ

С.Е.Ажигали, Б.А. Ашим

НЕКОТОРЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ КОМПЛЕКСНОЙ
ЭТНОГРАФО-ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ 2021 ГОДА В ХОБДИНСКОМ
РЕГИОНЕ.....353

А. Ганиева, Е. Ананьевская, Б. Хасенова

ПРЕДМЕТНАЯ КОЛЛЕКЦИЯ КАЗАХСКОГО КЫСТАУ:
ПО МАТЕРИАЛАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ В АКМОЛИНСКОМ ПРИИШИМЬЕ.....361

Е.В. Кулагина, Б.Қ. Смагулов, Т.Н. Болсынбек

ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ ПО ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ
В ПОЛЕВЫХ ЗАМЕТКАХ ОМСКОГО КРАЕВЕДА СЕРГЕЯ РОМАНОВИЧА ЛАПТЕВА.....370

А.Е. Рогожинский, И.Р. Камалдинов

СРЕДНЕВЕКОВЫЕ ГОРОДИЩА АСПАРА И ШАРУАШЫЛЫК
(ПРЕДВАРИТЕЛЬНОЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ В 2021 – 2022).....384

ЮБИЛЕЙ

Алдажуманов Кайдар Сейсембаевич – 80 лет.....393

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

B.B. Burkhanov ON SOME SPECIFIC FEATURES OF ISLAM IN SOVIET CENTRAL ASIA (HISTORIOGRAPHICAL REVIEW).....	4
A.K. Kushkumbayev, T.A. Ualiyev HISTORIOGRAPHY OF YER YEDIGE EPIC IN 2 ND HALF OF 19 – 1 ST HALF OF 20 CC.....	15
A.T. Капаева THEORETICAL AND METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE STUDY OF THE FAMINE OF 1921–1922. IN KAZAKHSTAN.....	27

HISTORY

O.M. Agatay A BOW AS A TRADITIONAL WEAPON IN THE HEROIC EPICS OF THE KAZAKHS.....	41
A.A. Bekenova CULTURE OF CELEBRATION IN THE EVERYDAY LIFE OF THE PEASANTS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR DECADE (1945-1955).....	56
N.K. Düisenova, B.Q. Smagulov SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....	70
R. Zakarya PREREQUISITES FOR MIGRATION OF EUROPEAN MIGRANTS TO THE USSR, AS WELL AS THEIR MAIN CATEGORIES.....	81
G.K. Kokebayeva, S.K. Shildebai, E.I. Stamshalov SHYMKENT UPRISING OF 1967.....	98
I.V. Krupko SEMIOSIS OF THE IMAGE AND NARRATIVE OF THE OTRAR LIBRARY: IN SEARCH OF THE LOST ENLIGHTENMENT.....	112
A.D. Kunikeev, N.N. Zhetpisbay THE UPRISING LED BY ZHOLAMAN TLENSHIEV (1822 –1840).....	126
M. Kalybekova PROBLEMS OF THE DESTRUCTION OF NATIONAL IDENTITY IN THE 30-50s XX CENTURY.....	138

D. Kassymova

HOW Z. SHAYAKHMETOV AND D. KUNAYEV LEFT THEIR POSTS:
COMMON AND PARTICULAR.....151

M.M. Kozybayeva

SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE COLLECTIVE
FARMS OF KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR PERIOD (1946 – 1953).....163

O. Kuanbay

KULSARY BATYR – DIPLOMAT, STATE AND PUBLIC ACTOR (1715 – 1776).....172

A.I. Kudaibergenova, S.N. Mamytova, R.D. Kubeyev

FROM ARCHIVAL DATA ON THE STAY OF THE KAZAKH FAMINE REFUGEES IN THE MIGRATION
DESTINATIONS (1931 – 1933).....185

G.K. Mukanova, Z.B. Baizhumanova

LECTURE ON "BEHAISM", EDITOR BUKEIKHANOV AND "WRITING TEXTBOOKS" BY SMAGUL
SADVOKASOV.....196

L.N. Nursultanova, A.E. Erkin

POLITICAL AND ECONOMIC COOPERATION OF KAZAKHSTAN
AND THE MIDDLE EAST: HISTORICAL AND CHRONOLOGICAL ASPECT.....206

R.E. Orazov, M.R. Satenova

AKHMET BAITURSYNOV AND KAZAKH SOCIETY.....217

N.M. Ospanov

THE POLICY OF THE SOVIET UNION IN THE UN WITH RESPECT TO THE PROBLEM OF
REPATRIATION OF PRISONERS OF WAR.....228

Zh. Oshan

PARTIAL INFORMATION ABOUT ELTERIS KHAN IN CHINESE SOURCES.....238

S.R. Sarmanova, M.M. Kozybayeva, K.B. Maslov

ALIKHAN BUKEIKHAN AND THE DEVELOPMENT
OF THE ETHNIC IDENTITY OF THE KAZAKHS.....249

A. Smanova

SCIENTIFIC ACTIVITY AND FORMATION OF THE WORLDVIEW OF AKHMET ZAKI
UALIDI.....257

I.N. Stas, Zh.Y. Nurbayev, M.M. Kozybayeva

FROM THE HISTORY OF TEMPLE CONSTRUCTION IN AKMOLINSK
IN THE SECOND HALF OF THE 19TH – EARLY 20TH CENTURIES
(ARCHITECTURAL ANALYSIS ON THE MATERIALS OF PHOTOGRAPHIC DOCUMENTS).....266

Sh.B. Tleubayev, S.G. Belous, N.N. Kurmanalina, A.N. Konkabayeva

ACTIVITIES OF PUBLIC ORGANIZATIONS AND NATIONAL INTELLIGENTIA ON THE
ORGANIZATION OF MUSEUM BUSINESS IN THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....277

H.M. Tursun, S.T. Shametov, M.S. Isaev

COMMON FEATURES IN THE CONSTRUCTION AND OPERATION OF ISLAMIC AND CHRISTIAN
UNDERGROUND PRAYER PLACES.....289

Hanna Matt

GLOBAL CAPTIVITY IN THE FIRST WORLD WAR:
PRISONERS OF WAR IN TURKESTAN, 1914 – 1916.....301

K. Cherepanov

THE ROLE OF D. A. KUNAEV IN SHAPING THE CAPITAL IMAGE OF ALMATY.....314

A. Shakiyeva

THE STUDY OF THE JOCHI ULUS IN THE HISTORY OF THE FATHERLAND:
THE SOVIET PERIOD AND MODERN HISTORY (COMPARATIVE ANALYSIS).....329

G.A. Shotanova, E.M. Uzhkenov, A.K. Zhumadil

KAZAKHS OF THE BUKEY HORDE: THE BEGINNING
OF MODERNIZATION OF TRADITIONAL SOCIETY.....340

ANTHROPOLOGY

S.E. Azhigali, B.A. Ashim

SOME RESEARCH RESULTS OF THE WEST KAZAKHSTAN INTEGRATED ETHNOGRAPHIC AND
ETHNOARCHAEOLOGICAL EXPEDITION IN 2021 IN THE KHOBDA REGION.....353

A. Ganieva, E. Ananyevskaya, B. Khassenova

COLLECTION OF FINDS OF THE SETTLEMENT OF BOZOK II IN THE NORTHERN
SARYARKA.....361

Y.V. Kulagina, B.Q. Smagulov, T.N. Bolsynbek

SOME ASPECTS OF THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM
SPHERE IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S – 1950S.....370

A.E. Rogozhinsky, I.R. Kamaldinov

MEDIEVAL CITY-SITES ASPARA AND SHARUASHYLYK
(PRELIMINARY RESULTS OF RESEARCH IN 2021 – 2022).....384

ANNIVERSARY

Aldazhumanov Kaidar Seisembayevich – 80 years old.....393

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы

Алматы қ., Шевченко көш., 28,

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

«edu.e-history.kz» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 261-67-19

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.